

Қ.Д.Асанов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Айтыс жырларының әсерлілік ықпалы**

Мақалада айтыс жырларының публицистикаға тән ақпаратты, насихатшылдық қырлары сөз болып, оның тілдік-көркемдік ерекшелігі әсерлілік тұрғысынан қарастырылады. Сондай-ақ ұлттық тіліміздің ажарын көтерудегі айтыс жырларының журналистикаға тән көптеген элементтері айқындалып, сөз өнерінің эмоционалды-экспрессивті сипаттары нақты мысалдар арқылы көрініс табады.

Кілтті сөздер: айтыс, деректілік, насихатшылдық, ақпараттық, әсерлілік, статистикалық, цифрлік мәліметтер.

Қай қоғамда, қай дәуірде болмасын айтыс сол уақыттың ақиқат айнасы бола білді. Күнделікті өмірде болып жатқан келеңсіздіктерді ешқандай ақын жаба сіркелеп, жасырып қалған жоқ. Сол кездегі халықтың көңіл-күйі, сезімі, көзқарас танымы бар болмысымен айтыс жырларында көрініс тауып отырды. Биліктің көңіліне қарап көлгірсу, қара басының қарекетін ойлап, бәз біреуге жағыну айтыс ақындарына жат әдет. Бәлкім, айтыс тарихында некен-саяқ ондай ақындар болса, халық оның бағасын сол заматта-ақ беріп, одан сырт айналған. 1997 жылы елдің әлеуметтік жағдайы әлі толық түзеліп кете қоймаған уақыт та айтыста бар болмысымен көрініс тауып жатты. Тіпті, сол жылы жарық көрген «Қазақстан–2030» Жолдауының өзіне сын көзбен қараған айтыскерлер де болды.

Оразалы Досбосыновпен арасындағы сөз сайысында ақын Ринат Зайытов осы мәселе жөнінде ойларын былай деп сабақтайды:

*...Егемен ел болдық десек дағы,
Жалдандық кәріс, қытай, орыстарға.
Үкімет — ел қорғаны десек дағы,
Елге есеп беріп жатқан арыс бар ма?
Тонап-тонап жеген соң тайып тұрар,
Тығылған шүрегейдей қамыстарға.
2030 деген ертегі айтып,
Ұстанып ап бейкүнә барысты алға.
Мұшама ұсақталсын деп тілеп пе еді,
Бабамыз ұрпақ үшін алысқанда?! [1; 90,91].*

Қоғамдағы кейбір келеңсіздіктерді осылай деп сынға алған ақындар елдің болашаққа деген сеніміне де сәттілік тілейді. Халықтың санасына серпін, жігеріне жалын беретін отты ойларды да ортаға салады.

Айтыс ешқашан да биліктің қолшоқпарына немесе, керісінше, бірыңғай оппозициялық бағытта болған емес. Айтыс ақыны көзбен көріп, көңілмен сезінгенін жырлайды. Жоғарыда келтірілген Ринат Зайытовтың «2030» туралы көзқарасын, келесі айтыстарда әріптестері басқаша сипатта өрбітіп, халыққа басқалай сөз айтып жатады. Мұның өзі қазаққа ғана тән кеңпейілділік пен көшелі мінезді танытатын қасиет.

Халық айтыс ақындарын ардақ тұтып, құрметтеген. Айтыскер — қоғамдық аренаға шыққан халық өкілі. С.Мұқанов айтқандай: «Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы — халықтың жүрегі. Ақын халықтың жүрегіне ең сүйкімді, халыққа ең ардақты адамның қатарында тұрады» [2].

Сондықтан да Балғынбек Имашевпен арадағы айтысында ақын Мәлс Қосымбаевтың былай деп жырлауын қараша халықтың көзқарасы, ой-пікірі деп танимыз:

*...Елбасыға сыртынан сын айтқасын,
Көңілің мұңаюмен қам боларсың.
Еліңді сұм сұлтандар билегенде,
Сен ертең Нұрсұлтанға зар боларсың.
Әлеумет қарағасын шырайлана,
Жүрсінші көңіліңде Күн айнала.
Елбасы да адам зой өзіміздей,*

Сүйенген көпшілік пен бір Аллаға [1; 171].

Халық санасын оятып, қоғамда болып жатқан өзгерістерге ел назарын аудару тұрғысында, рухани мәселелерді жиі көтеретін Баянғали Әлімжанов айтыстары өзінің әлеуметтік тұрғысынан жаңарған айтыстың жарқын үлгісі ретінде бағаланады. Әсіресе акынның бүгінгі күн проблемаларын тарихпен сабақтастыра қарастыруы көрермен-тыңдарманға зор әсер беріп, айтыс маңыздылығын арттыра түсетін ерекшелігі деп тануға болады. Қарағандылық акын Тілеген Әділовпен болған айтысында Баянғали акын былай деп толғайды:

*...Алашты азаттыққа шақырды кім,
Ақырып аждаһаға атылды кім?
Теңіздей толқығанда төре-қара,
Жол нұсқап айтты оларға ақылды кім?*

*Кенесары, Наурызбай, Ағыбайлар,
Көтерген қазақ рухын, батырлығын.
Кім кәне күңіреніп солар құсап,
Ел үшін жанын қиып жатыр бүгін?! [3; 83].*

Осы тақылеттес жыр үлгілерін Тәуелсіздік тұсындағы ақындар айтысынан молынан ұшыратуға болады. Жоғарыда келтірілген Жалпыұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылдарында өткізілген айтыста Мұхамеджан Тазабеков сонау сақ бабамыз салып берген сара жолдан бастап, кешегі аштық-қырғынды, отызыншы жылдардың зұлматын, халық бастан өткерген тар жол, тайғақ кешуді, ату, асу, айдалу сияқты сұмдықтарды тілге тиек ете келіп ойын былай деп түйіндейді:

*...Ақиқаттың атасы арам өліп,
Мәскеудің айтқанынан аспағанбыз.
Лениннің беті ашық жатқанменен,
Шындықты көрге көміп тастағанбыз... [3; 41].*

Қоғамдық пікір қалыптастырудың басты шарты — шындық. Шынайы шындыққа көзі толық жетіп, оны сезінген бұқара халық өзі өмір сүріп отырған қоғамның бүгіні мен болашағын байыпты бағамдай алады. Сол арқылы келешекке қадам басып, көштерін түзейді. Кейде газеттен оқып, теледидардан айтылған ресми сөздерден гөрі халықтың жан-дүние, сезіміне зор әсер ететін насихат түрлері болады. Ондай руханият көзі — әрине, айтыс өнері екендігі ақиқат. Акынның үн-әуезі, дауыс ырғағы, домбыра шертісі жоғарыда келтірілген жыр үлгілеріне үстеме мағына беріп, тыңдаушы-көрерменге зор әсер етеді. Бұл туралы біз зерттеу барысында жан-жақты айтып өткен болатынбыз. Ең бастысы, қоғамның көлеңкелі тұстары мен күнгеін көрсете отырып, айтыс ақындарының белгілі бір ойға-пікірге халық мүддесін топтастыра білуінде. Бұл тұрғыдан, сөз жоқ, айтыс өнері үлкен рухани ықпалға ие болды.

Кез келген өнер түрінің ақпаратты-танымдылық сипаты болатыны белгілі. Әсіресе біз сөз етіп отырған айтыс ақындарының мұрасы, ел өмірі мен халық тарихын таразылауда мол мағлұмат берері сөзсіз. XIX ғасыр қазақ халқы үшін саяси-әлеуметтік һәм тарихи тұрғыдан сындарлы заман болды. Ресейдің отарлау саясаты мен көршілес Қытай, Қоқан биліктерінің қысымы, қазақ даласында бекініс-камалдардың салынуы, елдің әлеуметтік-саяси болмысына үлкен әсерін тигізді. Қазақ жеріне жат елдерден қоныс аударушылардың көбеюі, қазба байлыққа қызығушы шетел кәсіпкерлерінің келе бастауы, Ресей мен Қытайдың саяси-экономикалық, сауда-саттық келісім шарттары ұлтымыздың далалық өркениетіне кері әсерін тигізе бастады. Хандық биліктің жойылып облыс, губерниялық әкімшіліктердің орнығуы халықтың рухани болмысына, дәстүр-салтына, шаруашылығы мен тұрмысына елеулі өзгерістер енгізді. 1836–1838 жылдардағы ішкі Бөкей ордасындағы, 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістердің басталуына тарихтың осындай қыстақ сәттері себепші болған еді. Ғасырлар бойы сайын сахарда далалық өркениеттің дегдар қасиетімен тәрбиеленіп өскен халыққа XIX ғасырдағы осындай қиыншылықтар оңай соққан жоқ.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен оқиғалар халықтың көзқарас санасына да әсер етпей қоймады. XIX ғасырдағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, қам-қарекеті, әлеуметтік ахуалы қандай деңгейде, қандай жағдайда болғандығын, әрине, сол заманның тарихи шежіресінен, шығармашылық мұрасынан іздеуіміз заңдылық. Айтыс жырларынан тарихтың сол бір кезеңдерін деректі түрде көріп, тани алмасақ та, жалпы болмыс сипатын, ұлттың әлеуметтік жағдайын бағамдау барысында мол мағлұматтар аламыз.

Айтыс жырларында кездесетін сауда-саттыққа, өнеркәсіп орындарына байланысты айтылған ойлар сол уақыттағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінен хабар берсе, жекелеген саяси оқиғалар көрінісі елдің тарихи ахуалының қандай болғандығын танытады. Ел ішіндегі адамдардың мінез-құлық, іс-әрекеттері арқылы сол уақыттағы қазақ қоғамының кескін-келбеті, тіршілік болмысы суреттеледі. Жекелеген сөздік атаулар арқылы көптеген мағлұмат, ақпарат көздерін аршып алуға болатындығын бүгінде лингвист-тарихшыларымыз дәлелдеп отыр. XIX ғасырдағы айтыс жырларында кездесетін шаруашылық, сауда, өнеркәсіп салаларына байланысты айтылған ойлар қазақ халқының саяси-экономикалық болмысын танытса, мәдениет, ағарту ісі, әдебиет, өнер жайындағы мағлұматтар елдің рухани деңгейінің кескін-келбетін сипаттайды.

Осы келтірілген қоғамдық салалардың қайсысы болмасын айтыс жырларында сөздік тұлға, сөйлем, нақыл, өсиет немесе тұтас логикалық жүйе түрінде көрініс тауып отырды.

Бұл туралы зерттеу барысында жан-жақты айтылып, нақты мысалдар келтірілді. Қандай шығармашылық иесі болмасын, ол ең алдымен — өз дәуірінің, өз ортасының перзенті. Ол қалдырған шығарма арқауы да сол замана шындығы болып табылады. Халқының мәдени, рухани, әлеуметтік-тұрмыстық, саяси-экономикалық өмірінің болмысын сол уақыт үрдісімен бағалайды, суреттейді. Ешқандай шығармашылық иесі болашаққа арнап немесе келер күннің еншісіне лайықтап рухани дүние қалдырған емес. Айтыс ақындарының да шығармашылығы өз дәуірінің шындығын шынайы жеткізе білуімен құнды. Айтыс жырларында кездесетін ой-толғам, пікірлер — уақыттың рухани жемісі. Оның деректілігі мен ақпараттық құндылығын сөз ете отырып, тағылымдық-тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет. Рухани мұраның құндылығы да осындай қырлармен өлшенсе керек.

Айтыс өнерінің әлеуметтік мәнін айқындайтын ерекшеліктің бірі ой қақтығысы, пікір қайшылығы екені рас. Хан-сұлтанды, бай-манапты мадақтау немесе сынау, ел ішіндегі келеңсіздіктерді көрсету, ақындардың бір-бірін мінеуі, ру-тайпа, өскен жерін аспандата жырлап, қарсылас ақынның шыққан жеріне, тегіне тіл тигізу сияқты сипаттар айтыс жырлары мағынасына сыйымды, табиғатына тән ұғымдар. Бұған «ескіліктің сарқыншағы», «білімсіздік», «рушылдық», «өресіздік» деп баға берудің еш қажеті жоқ. Егер айтыс жырлары осы келтірілген тақырыптардан ада болса, онда оның әлеуметтік, қоғамдық маңызы да ашылмас еді. Айтыс жырларының өміршендігі де оның шындығымен, өзектілігімен өлшенері анық. XIX ғасырдағы айтыс жырлары өзінің осындай күрделі психологиялық, өзекті өткір мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді. Қоғамның көлеңкелі, күнгей тұстары, адамдардың жақсысы мен жаманы сияқты әлеуметтік теңсіздік адамзат тарихының барлық кезеңіне тән құбылыс. Ал, кейінгі ұрпақ тарих талқысынан өткен сол дерек-ақпарат көздерінен тек шындықты іздейді. Бұл тұрғыдан келгенде XIX ғасырдағы айтыс жырлары өз миссиясын толық атқарып тұр деуге болады. Айтыста сөз болған әрбір мәселе, әрбір жағдаят сол уақыттың бедерін көрсетеді. Мұның өзі айтыс өнерінің ұлт тарихындағы қажеттілігін айқындаумен қатар, халықпен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқан рухани құндылық екендігін танытады.

Сөз өнері тұрғысынан алып қарар болсақ, айтыс өлеңдерінің өзіне тән табиғи ерекшелігі болады. Мәселен, көркем әдебиетті адам оқу арқылы санасына сіңіреді. Газет-журнал материалдарын да дәл солай қабылдайды. Бұл жердегі айтыс жырларының ерекшелігі сөз күдіреті тыңдаушыға немесе көрерменге үн-әуез, айтысушы ақынның ым-ишарат, қимыл-әрекеті арқылы, бірнеше үстеме сипаттар арқылы сіңеді. Кітап пен газет-журналды әр адам өз көзқарас, түсінік деңгейінде қабылдайды. Ал, саз аспабы арқылы әуенмен әспеттелген жырлардың немесе сөздің тыңдаушыға әсері өзгеше болмақ. Бұл туралы А.Байтұрсынов мынадай пікірлер айтты: «Сөздің асыл болуы — ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі, әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады. Әуез әдемілігі сөзді дыбыс жағынан тәртіптеп, үйлестіріп тізуден болады. Күштілігі сөздің қалыпты мағынасының үстіне күш қосатын әдістерді істеуден болады» [4].

А.Байтұрсынов келтірген осы пікір барлық мағынасымен айтыс өлеңдерінің табиғатына толық сай келеді деуге болады. Эмоциялылық сипат кез келген шығармашылық дүниеге әр беріп, рухани қажеттіліктің өтеуі болатынын жоққа шығаруға болмайды. Әрине, ғылымда, ресми ақпарат көздерінде, табиғаты көркем публицистикадан алыс қоғамдық салалар шығармашылығына әсірелеу әдісі соншалықты қажет емес те шығар. Бірақ әрбір халықтың табиғи болмысы мен ұлттық менталитетімен де санасу қажет. Сөз өнерінің ғылымы туралы айтқан А.Байтұрсынов қисындарындағы көріктеу, мегзеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу сипаттарының барлығы қазақтың айтыс өнеріне тән қасиеттер. Айтыс жырларының адам санасына тез сіңіп, есінде ұзақ сақталуына да осындай ерекшеліктер себеп болады.

«Әсірелеу деп сөздің әсерін күшейтіп, сөйлетуді айтамыз. Әсірелеу көңіл-күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Көңіл қалыпты тыныш күйінде тұрғандағы адамның аузынан шыққан сөз бен көңіл көтеріңкі я бәсең уақытта адам аузынан шыққан сөздің екеуі бірдей болмайды» [5], — деген ғалым пікірі жоғарыда келтірген ойларымызды қуаттай түседі. Қоғамдық ой қалыптастырудың алғышарттарының бірі ретінде айтыс жырларының халық жүрегіне жақын, сезіміне тұрткі болардай әсерлі болуынан деп тануымыз сондықтан. Мұхамеджан Тазабековпен болған айтысында ақын Мәлс Қосымбаев мынадай әсерлі ойлар айтады:

*...Ей, дүние, бізден де озамысың,
Топан ойдың сен кейде тозаңысың.
Адамзаттың баласы арпалысқан,
Мына бес күн тірліктің базарысың.
Менің шерлі елімнің шежіресін,
Тарих ата, қайтадан жазамысың?
Арманың болмас еді өлең сенің,
Ағайынның жұбатсаң азалысын.
Келін — заман, кемпір-шал — ауыл болса,
Қазақстан — жалғыз ұл қазақ үшін... [3; 147].*

Айтыс ақындарының мұндай ішкі толғаныстары әр кез халықтың қызу қолдау, зор қошаметіне ие болып жатады. Халқымыздың шерлі тарих шежіресіне келгенде, жан дүниесі арпалысқа толған ақынның адуынды жырлары, халықты бірден баурап алады. Егер осы жыр жолдары қағаз бетіне түссе, оны оқыған адамның тыңдап, көргендей әсер алмасы анық. Айтыс өнерінің құдіреті де осы қасиетінен көрінсе керек.

«Ақындар айтысының жұртшылыққа аса сүйікті болуының бір қанша себептері бар. Қоғамдық өмірдің де, жеке адам тағдырларының да алуан түрлі сырлары мен сырқаттарының терең ашылуы, әлеуметтік өмірдің қайшылықтары мен қалтарыстарының кең қамтылуы, халықтың көркем сөзден, ұтымды ойлардан эстетикалық ләззат алуы — міне, мұның бәрі айтыстың әсері кемімес, қызығы солғындамас қырлары болып табылады» [6; 88].

Ғалым Р.Бердібаев келтірген бұл ойлардың А.Байтұрсынұлының сөз өнері, тіл ұлағаты жайында айтқан пікірлерімен сабақтасып жатқандығын анық аңғаруға болады. Айтыс жырларының халық жүрегіне жақын жанр екендігінде осы тұжырымдарға қарап бағамдаймыз.

Әрине, жоғарыда келтірілген А.Байтұрсынның тұжырымындағы «Сөз мағына жағының күштілігімен жағады» сөзінің астарына да үлкен мән берген абзал. Айтпақ ойымызды нақтылап кету үшін Абайға жүгіне кетелік. «Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе, Оған кімнің ұнасар таласуы» [7]. Осы айтылған қағидалардың қай-қайсысы болмасын сөз мағынасына үлкен жауапкершілікпен қарауды меззейді. Әсерлеу мен әсіре қызыл сөздің екеуі егіз ұғым емес. Айтыс жырларында кездесетін әсерлеу сипаттары қашанда айтар ойдың өзектілігі мен айтып отырған мәселе мәнінің тереңдігімен өлшенері хақ. 1989 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық ақындар айтысы туралы «Ажары бір ашылды ана тілдің» атты мақаласында белгілі қаламгер, журналистер Өтеген Оралбаев пен Бауыржан Омаровтар төл өнердің сол кездегі сипаты туралы мынадай пікірлер білдірді: «Ғасырдан ғасырға, атадан балаға, анадан аруға халықтық дәстүр боп қанатын жайып келе жатқан көне де, жаңа өнер бүгінгі жариялылық жағдайында өрісін кеңейтіп, өнегесін таныта түсті. Бұл күнде ол жұртшылық жүрегінен орын алып, қоғамдық-әлеуметтік, кемелдік-көркемдік жағынан қалыптаса түсуде. Ол ел тарихының елеулі кезеңдерінде еркін көрінген ежелгі өнер — ана тілдің ажарын аша түссек деген перзенттік парызды да бағамдайды. Осы тұрғыдан келгенде оның еңбегі орасан» [8].

Содан бері жиырма жыл өтсе де, «Лениншіл жас» газетінде көтерілген осы өзекті мәселе әлі күнге өз маңыздылығын жойған жоқ. Қайта уақыт өткен сайын түрлі проблемаларға килігіп, туған тілдің тағдыры тұсаулы аттың кейпін кешуде.

Белгілі ғалым Ә.Болғанбаев «Тіл және шеберлік» атты мақаласында ана тіліне деген журналистер жауапкершілігі туралы мынадай ойлар айтады: «Қазіргі қазақ тілі Қазақстандағы сегіз миллионға жуық қазақ халқының ортақ дүниесі. Бұл тіл бүгінде сөз байлығы молайған, құрылым-құрылысы жүйеленген, жазу ережелері орныққан, стильдік тармақтары сараланып жетілген, ауызша да, жазбаша түрде де жалпыға бірдей қызмет ететін ұлттық жазба әдеби тіл деген сипат алып отыр. Демек, бұдан былай өз ана тілімізді қалай пайдаланып, қалай дамытамыз десек, бізде барлық мүмкіндіктің бәрі де жасалған. Бұл ретте журналистер қауымына түсер ауыр салмақ, артылар аманат ерекше болмақ» [9].

Бұл пікірлерді келтіріп отырғандағы себебіміз, ана тілдің ажарын ашып, айбынын көтеруде ұлттық журналистика өкілдерімен қатар айтыс ақындарының да еңбегі мол болғандығы. Жоғарыда айтылған Ө.Оралбаев пен Б.Омаров сияқты зиялы азаматтардың «ана тілдің ажарын аша түссек деген перзенттік парыздары» деген ойлары, айтыс ақындарының аңсар-мұратын анық айқындап тұрған сөздер. Жетпіс жыл бойы коммунистік идеология шылауында болып, тоталитарлық режимнің тар қыспағында өмір сүрген қазақ қоғамы үшін тіл тағдыры өте күрделі, көкейкесті мәселе еді.

Қалалық жерлердегі саусақпен санарлық қазақ мектептері, ұлт тілінде шығатын азын-аулақ газет-журналдар, кеңестік идеологияның насихатшысына айналған телеарналар мен радиотораптары, шын мәнінде ұлт тілінің ажарын айшықтап, абыройын көтеруде қауқарсыз еді. Осындай аз мүмкіндік, тар ауқымдағы шығармашылық құрылымына қарамастан, ана тілінің бірден-бір жанашырлары жазушы-журналистер екендігін ғалым Ө.Болғанбаев орынды көрсетеді. Түрлі төңкерістер мен саяси оқиғаларға толы ХХ ғасыр аласапыранынан ана тілімізді аман алып қалғандар да рухани шығармашылық иелері екендігін ашық айтуымыз керек. Ақындар айтысындағы ұлттық тіл мәселесі 1985 жылдың сәуірінен күні бүгінге дейін көтеріліп келеді. Әсіресе ана тілдің айбынын асқақтатып, оның жоғы мен мұңын жырлау ел Тәуелсіздігін жариялаған кезеңнен бастап өте өткір айтыла бастады.

Ақындар айтысында көтерілген ұлттық тіл тағдыры туралы айтқанда мына екі мәселені ашып көрсеткен дұрыс. Айтыс өнері — қазақ тілінің жоғын жоқтаушысы болуымен қатар, сол тілдің ажарын ашып, абыройын асқақтатушысы ретінде де қызмет жасады. Қазақ балабақшалары мен мектептерінің көптеп ашылуына, ұлт тіліндегі теле-, радиохабарларының молаюына, газет-журналдардың жарық көруіне, ақындар айтысы да зор ықпал ете білді. Ең бастысы — қоғамдық пікір қалыптастырып, билік назарын ел тілегіне аудару болса, жазушы-журналистермен қатар айтыскер ақындар да бұл шараға белсене атсалысты. Мәселен, Өзімбек Жанкүлиевпен болған айтысында ақын Ерік Асқаров сол кездердегі қазақ руханиятындағы жаңалықтарды айта келіп, «Алматы ақшамы», «Денсаулық», «Қазақ тілі» сияқты газет-журналдардың ашылатындығын көпшілікке қуана былайша баяндайды:

*...Өнердің биік болса шаңырағы,
Көбейер қаламгерлер саңылағы.
Қазақ бар он миллион жер бетінде,
Сол қазақ бір «Жұлдызға» жабылады.*

*Айтыста айтарыңды сөз етіп ал,
Кейіннен елге пайда қажеті бар.
Осындағы қаншама қазақтардың,
Әдеби жалғыз ғана газеті бар...*

*Шабытым газет десе, ышқынды-ай бір,
Ақыным, сен де мұны ұшқындай біл,
Орысша бір газет бар — «Казправда»,
Қазақтың мұқтажына пысқырмай жүр [10], —*

деп сол кездегі қазақ баспасөзінің ахуалын жан-жақты ашып көрсетеді.

Сайып келгенде, айтыскер Ерік Асқаров көтеріп отырған осы мәселенің түп-төркіні ұлттық тіл тағдырына тіреледі. Ана тіліне деген журналистер жауапкершілігін, аманатын сөз еткен ғалым Ө.Болғанбаев пікірінің тегін айтылмағанын уақыт дәлелдеді. Қазақ ауыз әдебиетінің бай тарихын таразылап, арғы-бергі дәуірлердегі халықтың рухани дамуына ден қойсақ, көп мәселе тетігі ұлттық тілге, сөз өнеріне байланысты болып келгендігіне көз жеткіземіз. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесі, жастардың адамгершілік қасиеттері, олардың өнерге, дәстүрге, әдебиетке, мәдениетке, ділге, дінге, жалпы, адами болмыс-бітімнің қалыптасуына қай заманда болмасын, сөз (тіл) ерекше ықпал етіп келгендігі ақиқат. Тіл — ұлт болып қалыптасудың, ұлт болып аман қалудың алтын діңгегі. Осыны жақсы түсінген айтыс ақындары да өз мүмкіндіктері жеткенінше жырлап, халыққа қапысыз насихаттай білді. Мәліс Қосымбаевпен айтысқан ақын Айбек Қалиевтің мына жыр жолдары осы ойларымыздың айқын көрінісі:

*...Датымның біріншісі тілім жайлы,
Ислам ілім тұтқан дінім жайлы.
Орысша, ағылшынша сөйле деген,
Бүгінгі тірліктегі ұғым жайлы.*

*Тіл өшсе, күні қоса өшетінін,
Шенеуніктер неліктен ұғынбайды.
Парламентте осыны ашып айтпай,
Бостан-босқа бас иезп шыбындайды.
Күні ертең ғаламдасу басталғанда,
Тілің өлсе, болмай ма күнің қайғы... [1; 196].*

Бұқара халыққа осындай мағыналы ой тастап, көпшіліктің көңілін туған тілдің тағдырына аудару жалғыз Айбек ақынға ғана емес, ел алдына шығып сөз сайысына түскен айтыскерлердің баршасына тән деп айта аламыз. Хандық дәуірдің дәстүрімен билікке дат айта отырып, туған тілдің болашағына сауға сұраған ақын жыры, дәл осы қалпында екі қырынан жарқырай көрініп тұр. Біріншісі — қазақ қоғамындағы зәру мәселе — тіл тағдырын көтеру болса, екіншісі — сол тілдің алмастай өткірлігін, семсердей жырларымен көрсетіп тұр. «Тіл тас жарады, тас жармаса — бас жарады», — дейді халық даналығы. Айбек сияқты ұлт ақындарының сөзі ашынғандықтан шығып тұр деп кесіп айтуға тағы болмайды. Қазақ ежелден сөзді, тілді құрметтеген халық. Бұл жерде жанға батар қоғам қасіретімен қоса көнеден келе жатқан дәстүр сабақтастығының жалғастығын да аңғаруға болады. Кезінде сөз туралы Бөлтірік шешен былай деген екен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ, Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтінін біл. Кімге сөйлейтінін біл. Қай жерде сөйлейтінін біл. Қай кезде сөйлейтінін біл. Қалай сөйлейтінін біл» [11].

Бөлтірік шешеннің «Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет» деген нақылы бүгінгі айтыс ақындарының қаперінде жүрер қағида болмақ. Халық алдында сөз сөйлеп жүрген кез келген зиялы адамның зердесіне тағылым болар бұл дәстүрдің салмағы ауыр. Айтыс ақындарының табиғатын ашатын ғалым Р.Бердібаевтың мына пікірі бұл ойымызды растай түседі: «Айтыстың аса бір өзгеше, дара қасиеті сол — онда әншейінде көзге ілінбейтін жайлар да қалыс қалмайды. Шабыты шамырқанған ақындар қызды-қыздының үстінде бет-жүзің бар демей, асқынған кесел мен кертартпа кедергілерді бадырайтып айтып-ақ тастайды. Және мұның өзі, әсіресе, айтыс өнеріне сыйымды, кешірімді нәрсе. Айтыс кезінде қарсы жақтың өз мінін жасыруға шамасы жоқ. Сайысушы ақын белгілі дәрежеде әділ қазы да, үкім айтушы да. Ол кесімін бүкіл халықтың атынан айтады» [6; 103].

Айтыс сахнасы — халықтық пікірді қоғамға ашық айтудың мінберіне айналғанын уақыттың өзі дәлелдеді. Халықтың арман-тілегі мен көкіректе шемен болып жатқан зар-мұны айтыс ақындарының тілімен айдай әлемге жария болып жатты. Айтыста айтылған әрбір шындық, өзінің діттеген жерінен шығып, көрермен халықтың зор ықпалына, қошеметіне бөленді. Қоғамдық пікірді қозғап отырып, айтыс өнері ұлттық идеологияның негізгі алғышарттарын қалыптастырды. Айтысты тыңдап отырған бір көрермен: «Егер айтыс осылай дамып, осылайша ой қозғай берсе, бодандықтың қамытынан он-ақ жылда құтыламыз», — деген сөзі сексенінші жылдардағы ақындар айтысының мақсат-мүддесінің қандай мағынада өткенінен хабар берсе керек. Рухани шығармашылық саласындағы халыққа етене жақын ақындар айтысы ел Тәуелсіздігі баяндылығы жолында ықпалды қызмет жасаған бірден-бір өнер түрі екендігі даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазіргі айтыс. — Астана: Күлтегін, 2006. — 3-кіт. — 320 б.
- 2 Мұқанов С. Айтыстар туралы. Айтыс. — Алматы: Жазушы, 1965. — 1-т. — 16-б.
- 3 Қазіргі айтыс. — Астана: Күлтегін, 2004. — 1-кіт. — 312 б.
- 4 Абай. Қалың елім қазағым. — Алматы: Атамұра, 2002. — 208-б.
- 5 Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 167-б.
- 6 Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. — Алматы: Мектеп, 1983. — 246 б.
- 7 Оралбаев Ө., Омаров Б. Ажары бір ашылды ана тілдің // Лениншіл жас. — 1989. — № 74. (12111). — 50-б.
- 8 Болғанбаев Ә. Тіл және шеберлік. Өнер алды — қызыл тіл. — Алматы: Жазушы, 1986. — 208 б.
- 9 Тоқсанбай Қ. Арман не, өз тілінде сөз қалдырсаң // Егемен Қазақстан. — 2007. — 10 қырк. — 159 б.
- 10 Асқаров Е. Астана жұртына айналсам. — Астана: Елорда, 1999. — 231, 232-б.
- 11 Негимов С. Шешендік өнер. — Алматы: Ана тілі, 1997. — 27, 28-б.

Эмоционально-экспрессивное воздействие айтыса

В статье рассмотрены публицистические свойства текстов айтыса, такие как информативность и пропаганда. Прослежены его эффектность, отличия в художественно-лингвистическом аспекте. В текстах айтыса также определены элементы журналистики, показан их вклад в развитие национального языка, на реальных примерах отмечен эмоционально-экспрессивный характер текстов.

The characteristic features of aitys texts, such as informative and propaganda are covered in the present article. And its linguistic and literary peculiarity is analyzed from the point of view of efficiency. Many elements of aitys texts which contribute to the enhancement of national language peculiar to journalism are defined, emotional and expressive features of the oratorical art are revealed through concrete examples.

ӘОЖ 82

С.Ысқақұлы

Іле педагогикалық университеті, ҚХР

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қытай қазақ әдебиетіндегі әдеби үрдіс пен жаңашылдық

Мақалада XX ғасырдың бірінші жартысындағы қытай қазақ әдебиетіндегі әдеби үрдістің негізін қалаған ақындар шығармашылығындағы ыңғайластық және үндестік мәселелері қарастырылып, олардың бір бағытта, бір мақсатта қалам тартып ақындық үрдістің дамуына қосқан үлестері сараланды. Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбайұлы, Асылхан Мыңжасарұлы, Шарғын Әлғазыұлы, Шылбы Көмекұлы, Досбер Сауырықұлы, тағы басқа ақындар шығармашылығындағы ағартушылық идеяның дамуы мен әлеуметтік сарынның көріну бағыттары әдеби және тарихи негізделген бір жүйелілікте зерттелді. Аталмыш ақындардың шығармашылығындағы әдеби үрдіс пен жаңашылдық мәселесіне салыстырмалық тұрғыда талдау жасалды.

Кілтті сөздер: қытай қазақ әдебиеті, әдеби үрдіс, ақындық үрдіс, ағартушылық идея, әлеуметтік сарын, жаңашылдық мәселесі.

XX ғасырдың бірінші жартысы Қытай халқының мәдени-әлеуметтік өміріндегі әр алуан қайшылықтардың әбден шиеленіскен кезі еді. Қоғамдық жүйелердің ауысу-арбасуы рухани дүниеге қатты әсер етті. Аталмыш кезең әдебиетінің өзіне дейінгі ұлттық әдебиетпен сабақтастығы, жалғастығы болды, сонымен қатар шығармашылығы тұрғысынан елеулі ерекшелігі, атаулы айырмасы да жетерлік еді. Осы тұста халық әдебиеті үлгілері көп басылды, баспасөз дами бастады. Әдеби өмірде жазбаша әдеби сын да қалыптасты. Мұның бәрі әдеби-мәдени өмірдің оқиғалары болса, әдебиеттің ішкі мазмұнында, сыртқы пішінінде өзгеру, жаңару үрдістері де байқалды. Абай поэзиясындағы реалистік дәстүрдің ықпалы да аз болмады. Оған қоса діни-ағартушылық әдебиеттің сарындары да әсер етті. Нәзірашылдық да дамыды. Кейбір нұсқалардан зар заман әдебиетінің сілемдері айқын аңғарылды. Ескіше оқыған-тоқығаны мол, жаңаша сауатты әдеби орта қалыптасты. Мемлекетіміздегі тарихи-мәдени салада болып жатқан өзгерістердің де әсер-ықпалы зор болды.

Жалпы бір дәуірде өмір сүріп, белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайды басынан өткерген ақындық ортада да ұқсастық, жалғастық басым болады. Ой-арман бірлігі, көзқарастарындағы ынтымақтастық, белгілі жанрлардағы қолдасу, тақырыптар арнасының бағыттастығы, күрескерлік рух, халықшылдық, қоғамға қарсы кекесін мен мысқылдың жауынгерлік сипатпен астасуы сияқты қадір-қасиеттер еліміздегі қазақ әдебиетінде де ерекше дамып, дәстүрлі орта мен ақындық үрдістің негізін қалады. Оның өкілдері өзіне дейінгі әдебиеттің асылын, үлгісін ала отырып, дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерін ашты. Өмірді суреттеу сан алуан болғанымен, бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат — өз халқының санасын ояту, еркіндік-теңдікке қол жеткізу еді. Бірақ болжалды идеяның бірыңғай күйде көрініс таппасы белгілі, өйткені әрбір ақынның көркемдік шеңбер шегі, ізденіс бағыты бар екенін есте ұстау қажет. Аталмыш ортада күні озған әдет-ғұрыптар мен қоғамдық өмір